

БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА АУЫСУШЫ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНУШЫ СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

+7 727 2704213/+7 707 170 42 13/ uao@kimep.kz/www.kimep.kz
Facebook/Instagram: KIMEP/KIMEP_University

КИМЭП университеті құжаттарды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде немесе осы тілдерге нотариалды расталған аудармасымен қабылдайды.

1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІМ ТАПСЫРУ

Талапкер порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн бойы қолжетімді.

1. Талапкер порталында онлайн өтінімді толтырыңыз
2. Жеке куәліктің (екі жағының) немесе төлқұжаттың сканерленген көшірмесін порталға жүктеңіз
3. Университеттен ресми транскриптің сканерленген көшірмесін жүктеңіз (GPA көрсеткіші 4 баллдық шкала бойынша кем дегенде 2 немесе 50% болуы тиіс)
4. Егер бар болса, жарамдылық мерзімі аяқталмаған IELTS/TOEFL/Duolingo сертификаттарының көшірмелерін жүктеңіз
5. Цифрлық фото – Сіздің цифрлық фотосуретіңізді дәл «Фото» бөліміне жүктеу өте маңызды, себебі КИМЭП университетінің барлық департаменттері жеке басыңызды сәйкестендіру үшін дәл осы суретті пайдаланады. Цифрлық фото JPEG форматында, төмен қысылу сапасымен (жоғары сапа), ажыратымдылығы 300 ppi (дюймге шаққандағы пиксель) және кемінде 8 мегапиксель болуы тиіс

6. Кредиттерді ауыстыру мүмкіндігін қарастыру үшін, алдыңғы оқу орнында оқыған пәндердің силлабустарын (оқу бағдарламаларын) ағылшын тілінде электронды түрде жүктеу қажет!

Гранттар мен қаржылай қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда келесі байланыс нөмірлеріне хабарласуыңызға болады: +7 727 270 4316, моб./WhatsApp: +7 707 970 4316, эл. пошта: finaid@kimep.kz

онлайн өтінім



2-ҚАДАМ. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСКАЛАРЫН ТАПСЫРУ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ДАН АУЫСАТЫН ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНАТЫН СТУДЕНТТЕР ҮШІН:

1. Университеттен оқу орнынан анықтама (оқу курсы, бағдарламасы және оқу формасы көрсетілуі қажет)
2. Ресми академиялық транскрипт (GPA 4 баллдық шкала бойынша кемінде 2 немесе 50% болуы тиіс)
3. Ректордың визасы қойылған ауысу туралы өтініштің көшірмесі
4. Академиялық анықтама
5. Орта білім туралы құжаттың (аттестат/диплом) қосымшасымен бірге түпнұсқасы
6. ҰБТ сертификаты

ШЕТЕЛДІК ЖОО-ДАН АУЫСАТЫН ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНАТЫН СТУДЕНТТЕР ҮШІН:

1. Ресми академиялық транскрипт (GPA 4 баллдық шкала бойынша кемінде 2 немесе 50% болуы тиіс);
2. Орта білімді аяқтағанын растайтын құжат (аттестат/диплом) және қосымшасы;
3. Шетелдік оқу орнына қабылданғанын растайтын шақыру хаты.

Медициналық құжаттардың түпнұсқаларын КИМЭП Университетінің Медициналық орталығына тапсыру қажет.

Құжаттарды тапсыру кезінде тіркеу мәселелерінің алдын алу мақсатында талапкерлер КИМЭП Университетінің Медициналық орталығына толық құжаттар пакетін ұсынуы тиіс:

Денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (075/у нысаны), оған келесі тексерулер кіреді:

- Терапевт;
- Офтальмолог (көз дәрігері);
- Отоларинголог (ЛОР);
- Хирург;
- Невролог;

Құралдық және зертханалық тексерулер: Флюорография, микрореакция (қан талдауы), құрт жұмыртқасына нәжіс талдауы.

075/у анықтамасын алу үшін келесі дайын анықтамалар болуы қажет:

- Наркологиялық ұйымнан анықтама
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

Аталған анықтамаларды eGov.kz порталы немесе eGov mobile қосымшасы арқылы алуға болады.

№ 065/у нысанының көшірмесі (вакцинация картасынан, амбулаториялық картасынан алынған егулер туралы жазбалардың көшірмесі).

Кеуде қуысының рентгені (флюорография) қорытындысымен бірге ұсынылуы тиіс. Қорытындыда рентгенологтың екі мөрі болуы қажет.

Кеуде қуысының рентгені (флюорография) 075/у нысанына қоса тіркеледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде жасалған кеуде қуысының рентгені (флюорография) Алматы қаласындағы рентгенологпен расталуы тиіс.

Барлық сұрақтар бойынша КИМЭП Медициналық орталығына хабарласыңыз: Дәрігер Наталья Яса, Моб.: +7 747 830 3246, +7 727 237 48 05 ішкі /1324/325, Эл. пошта: med.center@kimep.kz

3-ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

Level of English Foundation Course	CEFR	IELTS	TOEFL iBT*	Duolingo	PTE Academic	Cambridge FCE (B2 First)	LanguageCert Academic
Academic English	B2	5.5 (≥5.0 in each section)	51 - 66 ((Reading 12-15; Listening 12-15; Speaking 17-18; Writing 14-18))	95+ (≥90 in each section)	39+	160+	60
UFA A and Provisional A	B1 +	5.0 (≥4.5 in each section)	37-50 (Reading 8-11; Listening 8-11; Speaking 14-16; Writing 9-13)	94 (≥80 in each section)	31-38	159	50
UFB and Provisional B	B1 low	4.5 (≥4.0 in each section)	26-36 (Reading 4-7; Listening 3-7; Speaking 11-13; Writing 4-8)	60-94 (≥75 in each section)	24 - 30	140 - 158	40
UFC and Provisional C	A2	4.0 (≥3.5 in each section)	14-25 (Reading 1-3; Listening 0-2; Speaking 7-10; Writing 1-3)	10-59	10 - 23	n / a	n / a

TOEFL iBT* - Beginning January 21, 2026, TOEFL iBT score reports will feature a new 1 – 6 scale. The corresponding values will be updated as soon as new TOEFL iBT reporting format is officially launched.

Sources: TOEFL iBT: <https://www.ets.org/toefl/test-takers/ibt/scores/understand-scores.html> Duolingo: <https://englishtest.duolingo.com/scores> PTE Academic: <https://www.pearsonpte.com/pte-academic/scoring> Cambridge FCE (B2 First): <https://www.cambridgeenglish.org/exams-and-tests/cambridge-english-scale/> LanguageCert Academic: <https://www.languagecert.org/en>

4-ҚАДАМ. ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІММЕН ТАНЫСУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта – КИМЭП Университетінің талапкерлермен ресми байланыс арнасы болып табылады. Сондықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы студент қатарына қабылданған сәтте жарамды болуы қажет.
2. КИМЭП Университетіне қабылдану туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға жіберіледі, сондай-ақ абитуриент порталының «Acceptance Package» бөлімінде орналастырылады.
3. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт абитуриент порталыңыздағы «Acceptance Package» бөлімінде қолжетімді болады.
 - **Шартты басып шығарыңыз:** Шартты порталдан тауып, баспаға шығарыңыз.
 - **Мұқият оқыңыз:** Барлық шарттарды толық түсіну үшін құжатпен толық танысыңыз.
 - **Әр бетке қол қойыңыз:** Әр беттегі арнайы белгіленген орынға өз қолтаңбаңызды қойыңыз.
 - **Қол қойылған шартты сканерлеңіз:** Сканер немесе телефондағы сканерлеу қолданбасын пайдаланып, шарттың анық көшірмесін жасаңыз. Барлық беттер жақсы көрінетініне көз жеткізіңіз.
 - **Сканерленген шартты жүктеңіз:** “Documents for upload” бөліміне өтіп, “SIGNED CONTRACT” ұяшығын табыңыз. Сол жерге сканерленген файлды жүктеңіз.

5-ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Сабақ кестесін құру, оқу ақысының есебін жүргізу және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша Студенттерге академиялық қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз: Тел.: +7 727 270 42 68 (ішкі 3175 / 3213), 270 43 10 (ішкі 3157), Моб./WhatsApp: +7 701 309 17 47, Email: advising@kimep.kz